

«8D02205 – Археология және этнология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Ермекбаева Айнұр Шокановнаның «Қазақстан музейлеріндегі этнографиялық коллекция: құрамы, типологиясы, ғылыми-танымдық маңызы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	А.Ш. Ермекбаеваның «Қазақстан музейлеріндегі этнографиялық коллекция: құрамы, типологиясы, ғылыми-танымдық маңызы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған мәдени саясат тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің (2023 жылғы 28 наурыздағы № 250 қаулысы) мақсаты мен міндеттеріне; Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің (2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысының) мақсаттарына толықтай сәйкес келеді.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді	А.Ш. Ермекбаеваның диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясы бекіткен ғылым дамуының төмендегідей басым бағытына сәйкес орындалған: - білім және ғылым саласындағы зерттеулер; - әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер.
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Ізденуші Айнұр Ермекбаеваның зерттеу жұмысында ұсынып отырған нәтижелері Отандық музей ісі мен этнология ғылымына елеулі үлес қоса алады. Ғылыми жұмыстың құрылымы, тақырыптық-мазмұндық

			баяндалу желісі жүйелі, ғылыми тұжырымдық тұрғыдан дәлелді. Сонымен қатар тақырыптың маңызы ашылған, қолданбалық нәтижелері өзекті. Диссертациялық зерттеуде Қазақстан музейлеріндегі этнографиялық коллекцияның ауқымы, құрамы және оның тарихи-мәдени құндылықтар ретінде музейлер қорында жинақталу кезеңдері, географиясы және осы үрдістің объективтік және субъективтік факторлары, отандық музей қорларының қалыптасу ерекшеліктері мен дамуы, этнографиялық коллекциялардың құрамы, оның қалыптасу үрдісі және т.б. ғылыми мәселелер қарастырылған. Диссертация материалдарын Орталық музей, Ұлттық музей, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Ә. Қастеев атындағы Өнер музейі және Қазақстанның барлық облыс орталықтарындағы, аудандардағы тарихи-өлкетану музейлері, қорық музейлер, мемориалдық музейлер, этномузейлер қызметкерлері әдістемелік база ретінде қолдана алады. Сонымен бірге диссертацияның материалы, ондағы автор ұсынып отырған тұжырымдар еліміздегі тарихи-мәдени туризм, «этнотуризм», тарихи туризм сынды туристік индустрияның бағыттарын одан әрі дамыту ісіне өзіндік септігін тигізетіні айқын. Ғылыми жұмыстың тұжырымдары мен қорытындылары бұрын соңды жарияланбаған. 2.1 Қосады, ашылған.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	А.Ш. Ермакбаева диссертациялық жұмысты өзі орындаған, жазу деңгейі жоғары. Диссертант өзі жариялаған еңбектері мен сан алуан архивтік, музейлік этнографиялық және т.б. деректер мен этноартефактілер пайдаланды. Сараптама және талдау барысында автор өзіндік жазу принципін сақтаған. Себебі, ізденуші зерттеу жұмысында материалдарды белгілі бір әдістермен жүйелі түрде сараптап, тиісті дейгейде орындай білген. Сонымен қатар, диссертациядағы баяндаулар, ойлар, пікірлер, талдаулар, ой-түйіндер, қорытындылардан диссертанттың жеке қолтаңбасы анық байқалады. Екіншіден, теориялық талдаулар мен негіздер жеткілікті деңгейде.

			Үшіншіден, әр тараулардағы әр бөлмді түйінді оймен аяқтап отыруы – ізденушінің ғылымға дайындықпен келгенінің көрсеткіші. 3.1 Жазу деңгейі жоғары
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Зерттеу жұмысының өзектілігінің негіздемесі толық негізделген. Диссертацияның тақырыбы айқын, өзекті және Отандық ғылымда тың болып табылады. Зерттеу нысаны, ғылыми болжамы мен мақсат-міндеттері де нақты. Зерттеу тақырыбының өзектілігі еліміздің мемлекеттік бағдарламаларымен сәйкес келеді. Зерттеу жұмысының жаңалығы мен тұжырымдары тың және дәйекті. Ғылыми жұмыста жеткілікті деңгейде теориялық еңбектер игеріліп, жан-жақты талданып сараланған. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі келесі факторлармен айқындалған: Бірінші: Қазақстандағы музей коллекцияларының кейбір ғана аспектілерін қозғайтын мақалалар бар болса да, А.Ш. Ермакбаева диссертация тақырыбын жүйелі, толық, жан-жақты түрде әрі кеңінен зерттеді. Екінші: диссертация авторы зерттеуде пайдаланылған музей коллекциялары Қазақстанның барлық аймақтарынан жинастырып ғылыми әдістерді қолдана отырып талдағандықтан диссертациялық зерттеудегі материалдар жоғары репрезентативтілікке ие. Сонымен қатар, этнографиялық коллекцияларды музей қорларында жинақтау, зерттеу және оларды жасақтаудың қажеттілігін оның ғылыми-танымдық маңызы тұрғысынан ғана емес, қазіргі кезеңде еліміздегі қалыптасып отырған әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси тыныс-тіршілігінің контекстісі жағынан да түсіндірген. А.Ш. Ермакбаеваның диссертациялық зерттеуіндегі көтерілген мәселелер дәлелді шешімдер тапқан, сондай-ақ зерттеу нәтижелерінің ішкі бірлігі сақталған. 4.1.1 Жұмыстың өзектілігі негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертация мазмұны зерттеу жұмысының тақырыбын айқындайды және өзара байланыс бар. Тақырыптың зерттеу ауқымы мен

		1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	объектісіне қарай топтастыруда өзекті ғылыми-әдіснамалық мәселелеріне арналған теориялық-методологиялық зерттеу жұмысы жасалынған. Ізденуші жұмыстың жоспары тақырыпты толық ашатын деңгейде жасап, тараулар мен тараушалар сұрақтарын нақты қойып және олар өзара сабақтасып, бір-бірін толықтыратын тұрғыда ғылыми тілде таркатылып жазылған. Диссертацияның құрылымы, мәтінің мазмұны, зерттеуде қолданылған әдістер мен тәсілдер кысынды. Қорытындылар дәлелді әрі негізді. 4.2.1 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттер бір-бірімен байланысты. Өйткені әрбір қойылған міндет диссертациялық зерттеудегі нақты аспектісін ашады. А.Ш. Ермакбаева зерттеу жұмысын жүргізу барысында алдына Қазақстан музейлерінде сақталып отырған этнографиялық коллекцияның қалыптасу үрдісін, құрамын, ауқымын, жай-күйін, дәріптелу деңгейін анықтау, зерделеу және оларды қазіргі таңдағы этномәдени мұраны сақтау мен зерттеудің маңыздылығын негіздеу тұрғысынан қарастыруды мақсат етіп қойған. Мақсатқа сай диссертацияның құрылымы белгіленген міндеттерді шешуге арналған. 4.3.1 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері толық байланысқан және ішкі құрылысы бірізді, қол жеткізген ғылыми нәтижелері логикалық тұрғыдан байланысқан. Диссертациялық зерттеудің негізгі мазмұны толық ашылған және зерттеуде қойылған мақсат-міндет орындалған. Докторант зерттеу тақырыбын ашу барысында жұмыс тарихи этнография, мәдени антропология және музейлік этнографиялық бағытқа құрылғандықтан, осы ғылыми бағыттардың жұмыс тақырыбын ашуға негіз болатын әдістемелік ұстанымдар қолданған және жан-жақты ғылыми талдау жасаған.

			4.4.1 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері толық байланысқан
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертант әрбір бөлімді жүйелі баяндап, сыни талдау жасаған, жаңа шешімдер ұсынған. Зерттеу үшін тандап алған әдіс-тәсілдері арқылы қол жеткен нәтижелері мен тарихи фактілерге негізделген өз көзқарасын диссертацияда кеңінен баяндаған. Отандық музейлердегі этнографиялық коллекция аса ауқымды, саны жағынан өте көлемді, типологиясы жағынан көп типті болуына байланысты диссертациялық зерттеу үшін репрезентативтік тәсіл, сондай-ақ өзара себеп-салдарлық байланыстағы құрылымдық және функционалдық әдістердің кез-келген тарихи-этнографиялық артефактінің этностың тіршіліккамы жүйесінің басқа да компоненттерімен бір-бірін өзара толықтырып отыратын қатынасын зерделеуге мүмкіндік бергендігін ерекше атап өткен. Әрбір бөлімді қорытындылап, ғылыми негіздеген. 4.5.1 Сыни талдау бар.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Бұл жұмыс философия докторы (PhD) докторлық диссертация деңгейінде ұсынылған алғашқы еңбек. Диссертацияның ғылыми жаңалығы – мәселенің кешенді түрде зерттелуі болып табылады. Осы орайда, жұмыста ұсынылып отырған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа деуге болады. Зерттеу барысында келесі жаңалықтарға қол жеткізген: – Қазақстан музейлеріндегі этнографиялық коллекцияның ауқымы, құрамы және оның тарихи-мәдени құндылықтар ретінде музейлер қорында жинақталу кезеңдері, географиясы және осы үрдістің объективтік және субъективтік факторлары қарастырылды; – отандық музей қорларының қалыптасу ерекшеліктері мен дамуы оның тарихи және әлеуметтік-мәдени контекстісі тұрғысынан зерттелінді; – этнографиялық коллекциялардың құрамы, оның қалыптасу үрдісі аймақтық, хронологиялық және тақырыптық-проблемалық ұстанымдар тұрғысынан қарастырылды;

			– музейлік этноартефактілердің қазіргі кезеңдегі камералық өңдеуден өту жағдайы, сақталу күйі, экспозициялануы, көрмеге қойылуы, ғылыми паспортталуы және каталогталуы, зерттелуі қарастырылды; – әсіресе аталмыш музейлік құндылықтардың дәріптелу деңгейіне назар аударылды. Осыған байланысты этнографиялық құндылықтардың экспозициялануы, халықаралық және республикалық көрмелерде дәріптелуінің тарихи кезеңдері және қазіргі жай-күйі мәселелері бойынша отандық тәжірибеге талдау, сараптау жүргізілді; – отандық музейлердегі этнографиялық қор қазіргі таңда этномәдени мұраны сақтау, зерттеу және елімізде ғана емес, халықаралық деңгейде де дәріптеудің маңыздылығын негіздеу тұрғысынан қарастырылды. Барлығы толықтай жаңа ғылыми нәтиже болып табылады. 5.1.1 Толығымен жаңа.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары-жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем	Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қағидаттары зерттеудің мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдің тиімділігімен, зерттеу жұмысының жүйелі жоспарлануымен сипатталады. 5.2.1 Толығымен жаңа
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу жұмысы әлеуметтік ғылымдар шеңберінде орындалуына байланысты техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері қарастырылмаған. Сол себепті бұл бағалау өлшемі қисынсыз.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және	Диссертациялық жұмыста көрсетілген барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.

		гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Ізденуші А.Ш. Ермекбаеваның диссертациялық жұмысы Қазақстан музейлеріндегі этнографиялық коллекцияның құрамын анықтауға, типологиясын жасауға және ғылыми-танымдық маңызын ашуға арналған. Диссертациялық жұмыста зерттеуші келтірген барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан сенімді, ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Зерттеуші диссертацияда келтірілген әрбір қағидатын терең дәлелдеген және қорытындылары жаңашылдығымен айқындалады. Бірінші қағидатында ұлттық музейлік қордың, соның ішінде этнографиялық коллекцияның қалыптасу үрдісінде Орынбор, Семей, Жетісу облыстық өлкетану музейлерінің, әсіресе Орталық музейдің орны мен ролі қарастырылған. Осыған байланысты диссертацияда Қазақстандағы отандық музейлердегі этнографиялық құндылықтардың коллекциялану үрдісі зерттелген. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә Екінші қағидатында этнографиялық коллекцияның қорда жинақталуының алғашқы кезеңінің басында Ресей билігінің жоғары лауазымды шенеуіктермен қатар, қазақ зиялылары да болды. Басқа да тарихи-мәдени құндылықтар сияқты, этноартефактілердің қорда жинақталуы, зерттелу, дәріптелу үрдісінде сан алуан көрмелер, соның ішінде қазан төңкерісіне дейінгі бүкілресейлік және халықаралық көрмелер де өзіндік үлкен рөл атқарды. Сондай-ақ, орыс географиялық қоғамы, статистикалық комитет ұйымдарының құрылуы нәтижесінде қазақ өлкесі жүйелі түрде зерттеліп, сол ұйымдардың жасаған экспедициялар барысында этнографиялық коллекциялар қалыптаса бастады. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес

		7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә Үшінші қағидатында отандық этнографиялық коллекцияның жинақталу географиясы, жинақталу тарихы Орталық музейден бастау алатындықтан, этнографиялық алғашқы коллекциялардың қорға түсу тарихы Орталық музейдің қалыптасу тарихымен біртұтас контексте қарастырылды. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә Төртінші қағидатында музейлік этноартефактілердің қазіргі жай-күйін жан-жақты зерттеу оларды сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыруға материалдық-техникалық, технологиялық және ғылыми тұрғыдан қазірден бастап қам жасаудың мейілінше қажеттілігі ғылыми негізделді. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә Бесінші қағидатында музейдегі тарихи құндылықтар, соның ішінде этнографиялық артефактілер, басқа да музейлік мәнді бұйымдар сияқты, бір жағынан, сақтаудың және дәріптеудің нысаны әрі көрнекі «құралы» ретінде, екінші жағынан, музейлік деректану, әрісі этнология ғылымының деректік базасы, тарихи және тарихи-этнографиялық деректер корпусының нақтылық пен көрнекілік жағынан айырықша категориясы ретінде де үлкен рөл атқарады. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең
--	--	--

			7.5. Иә Алтыншы қағидатында отандық тарихнамада күні бүгінге дейін музейлік құндылықтарды, соның ішінде, әлбетте, этноартефактілерді де, тиісті тарихи және этнологиялық зерттеулерде азын-аулақ иллюстрациялық сюжет ретінде ғана болмаса, толымданды дерек ретінде пайдаланудың деңгейі төмен десек асырып айтқан болмайды. Осыған байланысты, әсіресе, әлеуметтік антропология және мәдени антропологияның өнегесі озық тәжірибесіне сүйене отырып, кез-келген музейлік артефактілер өздерінің көрнектілігімен де, көрнекілігімен де және тарихи-этнографиялық репрезентативтілігімен де дараланатындығы арнайы сарапталынды. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә Жетінші қағидатында қазіргі кезеңде бүкіл әлем жаһандану үрдісіне дендеп ұшырауына байланысты ұлттық құндылықтардың әлеуеті бірте-бірте әлсіреудің, тіпті жойылудың алдында. Осы жайтқа байланысты ұлттық сананы, сол арқылы ұлттық болмысты сақтаудың ең ұтымды жолдарының бірі де, бірегейі музейлік құндылықтарды зерттеудің қажеттілігі өз алдына, оларды ең алдымен, көпшілік арасында, әсіресе, өскелең ұрпақтарға дәріптеудің еліміздегі мәдени жұмыстың іргелі бағытына айналу қажеттілігі ғылыми негізделінді. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә
8	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) иә; 2) жоқ	Әдістеменің таңдауы жақсы жазылған. Диссертациялық жұмыс тарихи этнография, мәдени антропология және музейлік этнографиялық бағытқа құрылғандықтан, осы ғылыми бағыттардың жұмыс тақырыбын ашуға негіз болатын әдістемелік ұстанымдар

акпараттың дәйектілігі		қолданылған. Диссертация жазу барысында типологиялық және салыстырмалы-типологиялық тәсілдер қолданылды. Этнографиялық қордағы артефактілердің типтеріне қарай қолданыстық ерекшелігі басты назарда болған. Сондай-ақ белгілі бір тарихи-этнографиялық артефактінің бір музей қорындағы болсын немесе бірнеше музейлердегі нұсқалары болсын, музейлік маңызын зерделеу мақсатында оның бірегей үлгілері зерттеудің нысаны ретінде алдын-ала таңдалып алынған. Контекстілік немесе контекстуалдық тәсіл арқылы белгілі бір тарихи құбылыстың функцияларын әлеуметтік уақыт пен әлеуметтік кеңістіктегі сан алуан тиісті факторлардың (тікелей және жанама) ықпалы тұрғысынан шынайы зерделеген. 1.Ия
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә; 2) жоқ	Зерттеу тақырыбы Қазақстан музейлеріндегі этнографиялық коллекциялармен байланысты болғандықтан, компьютерлік технологияларды пайдалануды қажет етпейді. Диссертациялық жұмыстың соңында берілген қосымшада пайдаланылған суреттерді есептемегенде, диссертациялық зерттеудің өзінде компьютерлік технологиялар арқылы деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістері пайдаланылмаған. 2. Жоқ
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) иә; 2) жоқ.	Теориялық тұжырымдар зерттеулермен дәлелденген және расталған. Қазақстан музейлеріндегі этноартефактілер ғылыми тұрғыда сарапталған. Зерттеу жұмысында қорытындылар, тұжырымдар нақты материалдар мен музей қорларындағы этноартефактілерге сүйене отырып дәлелденген және расталған. 1. Иә
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді түрде ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Пайдаланылған әдебиеттердің

9	Практикалық құндылық қағидаты		аясы кең және тақырыпты барынша ашуға мүмкіндік береді. Әдебиеттер тізімі бәрі талаптарға сай рәсімделген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Диссертацияны жазу барысында 249 әдебиет пайдаланылды. Тақырыпқа сай диссертациялық жұмыстар, отандық және шетелдік арнайы ғылыми еңбектер, мерзімді басылым материалдары, ғылыми мақалалар мен музей каталогтары пайдаланылды.
		9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Зерттеуде ұсынып отырған нәтижелері отандық музеология, этнология, тарих ғылымдарының дамуына өз үлесін қосады. Зерттеу барысында пайдаланылған теориялық-методологиялық ұстанымдары мен принциптерін келешекте жүргізілетін басқа да зерттеулерде пайдалануға болады. 9.1.1 бар
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) иә; 2) жоқ.	Диссертацияның қолданбалық маңызы бар және алынған нәтижелердің практикалық мүмкіндігі жоғары. Диссертация материалдарын Орталық музей, Ұлттық музей, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Ә. Қастеев атындағы Өнер музейі және Қазақстанның барлық облыс орталықтарындағы, аудандардағы тарихи-өлкетану музейлері, қорық музейлер, мемориалдық музейлер, этномузейлер қызметкерлері әдістемелік база ретінде қолдана алады. Сонымен бірге диссертацияның материалы, ондағы автор ұсынып отырған тұжырымдар еліміздегі тарихи-мәдени туризм, «этнотуризм», тарихи туризм сынды туристік индустрияның бағыттарын одан әрі дамыту ісіне өзіндік себін тигізер деген үміттеміз. 9.2.1 Иә
		9.3 Практикалық ұсыныстар жана ма? 1) толығымен жана;	Зерттеу жұмысының практикалық ұсыныстары толықтай жана болып табылады.

		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	9.2.1 Иә
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	А.Ш. Еремекбаеваның диссертациялық зерттеуі келесі талаптарға толық сай келеді: – зерттеу теориялық әдістемелік тұрғыдан жақсы жазылған; – диссертациялық жұмыс жоғары деңгейде академиялық стильдің талаптарына сай жазылған; – диссертация орфографиялық қателер жоқ; – жазу академиялық сапасы жоғары; – бөлімдер мен тараулар ұтымды пропорция сақтаған; 10.1 жоғары
11	Диссертацияға ескертулер		Ұсыныс ретінде. болашақта осы диссертациялық зерттеудің аясында бүкіл Орталық Азия музейлерінің коллекцияларына арналған ғылыми жоба дайындау дұрыс болар. Әрине, бұл ұсыныс А.Ш. Еремекбаеваның диссертацияға берілген оң бағаны еш төмендетпейді
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында корғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		А.Ш. Еремекбаева диссертациясы бойынша халықаралық және бүкілқазақстандық деңгейде ғылыми мақалалар жазды. Мақалалар тақырыптың әртүрлі аспектілерінде жан-жақты қарастырылған. Автордың Орталық мемлекеттік музейінің тарихына арналған ғылыми еңбектері музей коллекцияларының қалыптасу кезеңдерін анықтайды; этнографиялық экспедицияларға арналған еңбектері коллекцияларды жинау үрдісін ашады. Диссертация бойынша жазылған ғылыми мақалалар диссертация тақырыбына толық сай келеді, А.Ш. Еремекбаеваның диссертация жөнінде жасаған жұмыстарының кезеңдерін айқын көрсетеді.

13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28- тармағына сәйкес)	А.Ш. Ірмекбаеваның «Қазақстан музейлеріндегі этнографиялық коллекция: құрамы, типологиясы, ғылыми-танымдық маңызы» атты диссертациясы ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру» қағидаларына толық сәйкес келеді деп есептеймін. Сондықтан «8D02205-Археология және этнология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімімді ұсынамын.
----	--	---

Ресми рецензент:

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті» КеАҚ
Археология және этнология кафедрасының доценті, т.ғ.к.

28.03.2025 ж.

З. Ибадуллаева

З.О. Ибадуллаева

